

Қарғалы ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 17 тамыздағы № 88 "Қарғалы ауданына бірыңғай сәулеттік келбет беруге бағытталған, көшпәтерлі тұрғын үйлердің қасбеттерін, шатырларын ағымдағы немесе күрделі жөндеу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы" қаулысының күшін жою туралы

Ақтөбе облысы Қарғалы ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 12 қаңтардағы № 3 қаулысы

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31, 37 баптарына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27, 65-баптарына сәйкес, Қарғалы ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қарғалы ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 17 тамыздағы № 88 "Қарғалы ауданына бірыңғай сәулеттік келбет беруге бағытталған, көшпәтерлі тұрғын үйлердің қасбеттерін, шатырларын ағымдағы немесе күрделі жөндеу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы" қаулысының күші жойылсын.

2. "Қарғалы ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыны Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына қазақ және орыс тілдерінде жіберуді қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау "Қарғалы ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің басшысына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А. Жүсібалиев